CMYK

# АЙМАҚ АҚШАМЫ

№30 (143) ЖҰМА 29 тамыз 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• БӘРЕКЕЛДІ!

## БАТЫС АУДАНҒА БЕТБҰРЫС

### ОҚУШЫЛАР САРАЙЫН САЛУДАН БАСТАЛАДЫ

***Көршілес облыстарда әлеуметтік нысандардың басым көпшілігі жеке кәсіпкерлердің қаржысына салынып жатқанын сырттай естіп жүретінбіз. «Құлақ естігенді көз көреді» деген рас екен. Елімізге танымал «Болат Өтемұратов Қоры» Жезқазған қаласында Оқушылар сарайын салуды қолға алды. Қалай сүйсінбейсің?!***







250 балаға арналған, жалпы аумағы 2600 шаршыметрді құрайтын Оқушылар сарайы қаланың батыс ауданынан бой көтеретін болады.

«Бұл аумақта алдағы уақытта облыс орталығының архитектуралық келбетін жақсартатын әлеуметтік нысандар, көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеріп, қала халқы үшін қолайлы орта қалыптасады» деді Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков Оқушылар сарайының қазығын қағу рәсімінде.

Салтанатты рәсімге «Болат Өтемұратов Қорының» директоры Айнұр Карбозова мен қордың Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Алмаз Шарман арнайы келіп қатысты.



Жаңа оқушылар сарайының ішінде акт залы, медиаорталық, хореография және жекпе-жек залдары, сенсорлық бөлмелер, фотостудия мен музыкалық кабинеттер, сондай-ақ цифрлық өнер, робототехника, жаратылыстану және нақты ғылымдарды біріктіретін мамандандырылған STEM-орталығы орналасады.

Көршілес аумақта балалар және спорт алаңдары, демалыс аймақтары, автотұрақ пен көгалдандыру қарастырылады. Ғимарат толықтай мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімделіп, қауіпсіздік пен энергия тиімділігі талаптарына сай болады. Құрылыс жоспарға сай 2026 жылдың маусымында аяқталады.

*Обләкімнің баспасөз қызметі*

## Сәтбаев қалалалық аумақтық сайлау комиссиясының сайлау күні туралы ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 2-3) тармақшасына, 101-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 3-1 және 6-тармақтарына сәйкес Сәтбаев қалалық аумақтық сайлау комиссиясы «№ 6 және № 12 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды тағайындау туралы» қаулы қабылдады.

2025 жылғы 27 тамыздағы № 6 қаулыға сәйкес №6 және №12 бірмандаттық сайлау округтері бойынша шығып қалғандардың орнына Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалды.

Қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну мерзімі:
- 2025 жылғы 27 тамыздан 2025 жылғы 25 қыркүйекке дейін.

Қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу мерзімі:
- 2025 жылғы 27 тамыздан 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін.

*республикалық бюджет есебінен жарияланады*

## СООБЩЕНИЕ территориальной избирательной комиссии г.Сатпаев о дне выборов

В соответствии с подпунктом 2-3) статьи 14, подпунктом 4) пункта 1, пунктами 3-1 и пунктом 6 статьи 101 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» территориальной избирательной комиссией г.Сатпаев принято постановление № 6 от 27 августа 2025 года «О назначении выборов депутатов Сатпаевского городского маслихата по одномандатным территориальным избирательным округам № 6 и № 12 вместо выбывших».

Согласно постановления выборы депутатов в Сатпаевский городской маслихат вместо выбывших по одномандатным избирательным округам № 6 и № 12 назначены на 26 октября 2025 года.

Срок выдвижения кандидатов в депутаты городского маслихата:
- с 27 августа 2025 года по 25 сентября 2025 года.

Срок регистрации кандидатов в депутаты городского маслихата:
- с 27 августа 2025 года по 30 сентября 2025 года.

*публикуется из средств республиканского бюджета*

CMYK

# ВЗАИМОПОДДЕРЖКА И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ В ОБЩЕСТВЕ

***Правила, которые установлены законодательством нашей страны, обязаны выполнять все граждане. Только так можно сохранить стабильность и порядок в государстве. За нарушение закона люди несут ответственность, в том числе материальную. По итогам 7 месяцев 2025 году в области Ұлытау зарегистрировано более 55 тыс. правонарушений.***

На 45 365 правонарушителя наложено наказание в виде штрафа на общую сумму 1 млрд 467 млн 506 тыс тенге. Взыскано – 823 млн 159 тыс тенге. Показатель взыскания административных штрафов составил 56%, - информирует старший прокурор Департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Ұлытау Алтынбек Жолдасбеков. При этом большая часть штрафа - 524 млн 135 тыс тенге – взыскана по сокращенному производству до истечения 7 рабочих дней и оплачено со скидкой 50%.

Основная масса дел рассмотрена органами полиции и составило 37,8% от общей суммы штрафов. В основном это правонарушения, зафиксированные видеокамерами.

В целях получения достоверной информации о правонарушении и последующей оплаты штрафа Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК разработан интернет – ресурс http://qamqor.gov.kz функционирующий ежедневно 24 часа в сутки.

Штраф можно оплатить через банки и ресурсы онлайн-банкинга. Благодаря координации проекта «Единый реестр административных производств» штрафы могут быть погашены через кассовые терминалы и приложения банков второго уровня.

При оплате штрафов в онлайн-режиме в банках второго уровня оплата автоматически поступает в базу данных, интегрированную с информационной системой «Единый реестр административных производств».

Приказом Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности от 17 октября 2020 года государственная услуга «Выдача сведений по учетам Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан о совершении лицом административного правонарушения» исключена из РГУ в связи с полной ее автоматизацией и предоставлением через «личный кабинет» портала.

Автоматизация данного процесса позволила гражданам получать адмсправку в режиме онлайн по ИИН услугополучателя минуя Государственную корпорацию и канцелярию услугодателя.

Также реализована возможность получения адмсправки в отношении другого лица через «Сервис получения справок третьими лицами» и eGov mobile.

Кроме того, указанную информацию можно получить в свободном доступе на сайте Комитета http://qamqor.gov.kz во вкладке «Узнай о своих штрафах», указав свой ИИН и номер документа удостоверяющего личность.

***Департамент Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по области Ұлытау***

# ҰЛЫ АБАЙҒА АРНАЛДЫ

***«Достық» үйінде өзге ұлт өкілдері арасында «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты Абай шығармаларын мәнерлеп оқу байқауы өтті. Шараның басты мақсаты – қазақ тілінің көркемдік қуатын, бай сөз қазынасын насихаттау, ұлы Абайдың шығармашылығы арқылы этнос өкілдерінің қазақ әдебиеті мен мәдениетіне деген құрметін арттыру және ел бірлігін нығайту.***



Байқауға 10-35 жас аралығындағы түрлі этнос өкілдері қатысып, Абайдың білім, ғылым және өнер тақырыбына арналған өлеңдері мен қара сөздерін жатқа оқыды. «Абай жолы» романынан үзінді желісін көркемдік шеберлікпен орындап, әншілік өнерін ортаға салды.

Қазылар алқасы құрамындағы абайтанушы ұстаздар әр қатысушының өнерін, шығармашылық ізденісін жоғары бағалады.

Үздік деп танылғандар арнайы дипломмен, Алғыс хат және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Бұл байқау Абай мұрасын ұлықтап қана қоймай, этнос өкілдерінің қазақ тілін, мәдениетін құрметтейтінін айқын танытты.

***Мейрамгүл САЯЖАНҚЫЗЫ***

# «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ...»

***Қазақстанның халық әртісі, қазақ мәдениетінің аса көрнекті тұлғасы, композитор Шәмші Қалдаяқовтың туғанына биыл 95 жыл толады. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Шәмші әндерін орындаушылардың «Әнім сен едің...» байқауы өткізілді.***

Шәмші Қалдаяқо ән арқылы халықтың ішкі жан дүниесін, арман-аңсарын суреттей білді. Бар ғұмырын музыка әлеміне арнады. Елдің азаттығын аңсаған «Менің Қазақстаным» әнінің маңызы ерекше. Халықтың рухын оятып, отансүйгіштік сезімін тербеген туынды кейін Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік әнұранына айналды.

Байқауға қатысқан таланттар Шәмшінің әндерін классикалық стилде және экспериментальды жаңашыл аранжировкада орындап, Ш.Ділдебаев атындағы кеншілер сарайы сахнасында орындаушылық шеберлігін паш етті. «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», «Қайықта», «Бақыт құшағында», «Ақмаңдайлым», «Кешікпей келем деп ең» және т.б.әндері көрермен залын махаббат жырына, сағыныш әуеніне толтырды. Даланың кең тынысын, жүректің терең сезімін сезіндік. Сырлы әуендер жүрегімізден орын алып, махаббаттың мәңгі жыршысы, сағыныштың сазды сырласы, рухани қазынасындай әсер етті. Қарапайымдылығымен қымбат, шынайылығымен құнды, саф алтындай таза, халықтың жүрек үніндей сырлы әндер сыршылдығымен баурап алды.

Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені (500 мың теңге) Т.Қалмағанбетов атындағы филармонияның әншісі Әділет Әбілбай жеңіп алды.

Жүлделі I орынды (400 мың теңге) Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайының әншісі Нұрахмет Қаршығанов иеленді. Жезқазғандық жезтаңдай әншілер Жанна Әбішева мен Еламан Зәйни II орынды (300 мың теңге) еншілесе, байқоңырлық Баймырза Аманғали мен Жезқазғандық




Қайырхан Ерғазы III орынға (200 мың теңге) лайықты деп табылды.

Сонымен қатар, Данияр Мейрам «Көрермен көзайымы» (100 мың теңге) номинациясының жеңімпазы атанды. Аманкелділік ару Айгүл Жөкіжан мен сәтбаевтық сұлу Айгерім Әубәкіроваға ынталандыру сыйлығы (50 мың теңге) табыс етілді.

***М. САЯЖАНҚЫЗЫ.***

# ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

***Жезқазған қаласының Қабанбай батыр шағынауданында бой көтерген 300 орындық жаңа мектеп орталықтандырылған газ желісіне қосылды. Бұл бастама – өңірде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, әлеуметтік нысандарды үздіксіз жылумен қамтуға бағытталған жүйелі жұмыстардың жалғасы.***



Аталған шараға Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков пен «Qazaqgaz» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов арнайы қатысты.

— «Газдандыру жобасы – экологиялық тұрғыдан өте пайдалы. Ол қоршаған ортаға келетін зиянды қалдықтарды азайтып қана қоймай, жылу тапшылығын болдырмауға мүмкіндік береді. Өткен жылы біз Талап ауылындағы мектепті көгілдір отынға қосып, қыс мезгілін сәтті өткердік. Бүгінде облыс орталығындағы өзге де әлеуметтік нысандарды кезең-кезеңімен газ желісіне қосуды қолға алып отырмыз. Соның бірі – осы жаңа білім ошағы», – деді облыс әкімі Дастан Рыспеков.

Қазіргі таңда Жезқазған қаласында 4000 абонентке газ желісі тартылып, оның 2000-ы көгілдір отынды тұтынып отыр. Бұдан бөлек, Кеңгір ауылында, Жәйрем кентінде және Жаңаарқа ауданында да газдандыру жобалары жүзеге асырыла бастады.

Алдағы уақытта Ұлытау облысында әлеуметтік нысандармен қатар, жеке тұрғын үйлерді де кезең-кезеңімен газдандыру жоспарланып отыр. Осыған байланысты облыс әкімі мен «Qazaqgaz» компаниясы өкілдерінің қатысуымен арнайы жиын өтті. Кеңесте газдандыру ісін одан әрі жандандыру, қосымша газ көлемін беру, сондай-ақ оның өңірдегі шағын және орта бизнесті дамытудағы рөлі талқыланды.

***Өз тілшімізден.***

АДАЛ АДАМ. АДАЛ ЕҢБЕК. АДАЛ ТАБЫС

# ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ

**Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан» адал адамдардың арқасында ғана жүзеге асады. Біздің мақсатымыз –қоғамда адал адамдарды, адал еңбекті, адал табысты кеңінен насихатауымыз керек» екеніндігін бірнеше рет мәртебелі мінберлерден айтқаны белгілі. Ал, айналамызда мұндай адамдар аз ба? Жоқ, керісінше көп. Бірақ, оларды жалпы жұртшылыққа жеткізу, насихаттау жағы кемшін соғып жататыны да рас. Тасада қалып қойған жандардың бірі – Садық аға Жанқұтов деп білемін.**

Ол өмір жолын еңбекпен өрнектеп, өнегелі ғұмырын өндіріс саласына арнаған, кен өндіру ісінде табандылық танытқан, туған өлкесінің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан адам.

Садық Құмарданұлының кіндігі кен өндірісінің ошағы саналатын Жезқазған кентінде кесілді. «Әр адам өзінің туған жеріне тартып туады» демекші, ол да жасынан-ақ өндірісте еңбек етуді қалады. Сол кездегі тәртіп бойынша жаы 18-ге толса, әй – шайға қаратпастан әскер қатарына алып кететін. Садық мектеп бітіре салысымен азаматтық борышын өтеуге аттанды. Екі күндей болмаған екі жыл да өте шықты. Әскерден оралысымен еңбек жолын бастады. «Жезқазғантүстімет» ӨБ қарасты «Темір жол цехы» СОБ және байланыс (сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау) қызметіне монтер болып орналасты.

-Сол заманның бір ерекшелігі жұмыс істей жүріп те арнаулы орта оқу орындарында немесе институттарда білім ала беруге кең жол ашылған еді. Мен 1984 -1987 жылдары Жезқазған тау-кен техникумында оқып, электромеханик мамандығы бойынша білім алдым. Бұл тәжірибеге теориялық білімнің де қажеттілігінен туындады – деп еске алады өмірдің сол бір кезеңін Садық аға.

Бұдан соң оның еңбек жолы Оңтүстік Жезқазған кенішіндегі №65 шахтасында жалғасын тапты. Ол мұнда жерасты механигі болып жұмысқа тұрды. Көп ұзамай ауысым шебері болған С.Жанқұтов еңбек ұжымын алға сүйреп, өндірістің өрісін кеңейтуге белсене



атсалысты. Еңбек майданында шыңдала жүріп, табыс тайқазанын тасқындатты. Жас мамандарға жөн сілтеп, тәлімгер де болды. Жоғары білім алуды мақсат етіп Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған политехникалық институтының «Тау-кен машиналары мен жабдықтары» факультетіне оқуға түсті.

Кеніш тынысында әр қадамның, әр шешімнің жауапкершілігі мен маңызы зор. Садық Құмарданұлы ауысым, учаске, жабдықтау бөлімі бастығы сынды сан түрлі жауапты қызметтерде жүріп, әрдайым еңбек қауіпсіздігін қатаң сақтап, жұмысшылардың жағдайына жіті мән берді. Талап пен табандылықтың арқасында жылдық жоспарлар сәтті орындалып, ұжым абыройы асқақтай түсті.

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-де қырық жыл тер төккен еңбек ардагері құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін қарап жатпады. Жезқазған өңірі бойынша ҚР ТЖМ өнеркәсіптік қауіпсіздік департаментінің өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі инспекторы болып, бірнеше жыл қызмет етті.

Садық ағаның еңбегі лайықты бағаланды. Ол бірнеше медальдармен, Мақтау грамоталарымен марапатталды.

Жалпы Жанқұтовтар әулетін нағыз кеншілер әулеті десе еш артығы болмайды. Өйткені, оның ата-анасының өмірлері де өндіріспен еншілес болса, енді қазіргі таңда балалары мен немерелері атның, әкенің жолын одан әрі жалғастырып келеді.

Марқұм зайыбы Гүлсім де өзі тәрізді әрі қарапайым әрі аққөңіл жан еді.

«Бір үзім қара нан жесек те адалынан жейік» дегенді жиі айтып отыратын. Олар ұл – қыздарын да солай тәрбиелеп, өсірді. Қазір бұл Жанқұтовтар әулетінің өміршең ұстанымына айналып кетті.

Еңбекпен өрілген жылдар – оның өмірінің айнасы іспеттес. Садық Құмарданұлы – төккен тердің қадірін білетін, адал еңбектің туын биік ұстаған адам. Оның өнегелі ғұмыры – жас буынға үлгі, ал, елге қалдырған еңбегі – өлшеусіз қазына.

***Мейрамгүл САЯЖАН***

*Суретте: Садық аға Жанқұтов (оң жақта) мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменовпен бірге.*

# МІНІП АЛЫП ВЕЛОСИПЕДТІ, ЖАСТАР КӨШЕДЕН ҚОҚЫС ТЕРДІ

***Сейсенбіде қалада ерекше акция өтті. Бұл «Велошеру – таза қала!» деп аталды. «Таза Қазақстан» акциясы аясында өткен ерекше экологиялық шараны қалалық ішкі саясат бөлімі ұйымдастырды.***

Велосипедпен серуендеп қана қоймай, жол бойындағы қоқысты жинау арқылы акцияға қатысушылар спорт пен табиғатты қорғауды біріктірді.

Іс-шараға ең кішкентай қатысушы – немере 4 жастағы балақай болса, ең үлкен қатысушы – 32 жастағы азамат болды. Жас ерекшелігіне қарамастан барлығы белсенділік танытып, қаламыздың тазалығы үшін үлес қосты.

Шара барысында қатысушылардың көңіл-күйі көтеріңкі болып, спорттық бәсеке мен экологиялық жауапкершілік үйлесім тапты. Жүлделі орындар мен арнайы номинациялар өз иесін тауып, жеңімпаздар марапатталды.

Нәтижесінде, қатысушылардың күшімен 100-ге жуық қап қоқыс жиналды. Бұл – қала тұрғындарының табиғатқа жанашырлығы мен бірлігінің айқын дәлелі.

«Велошеру – таза қала!» акциясы қаламыздың тазалығын сақтауға, тұрғындардың бірлігін арттыруға және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға үлкен үлес қосты.

- Бұл жастар үшін қызықты шара болды. Олардың акцияға көбірек қатысуы да сол себепті. «Көшеге шығып, қоқыс жинайық!» деп ұрандатсақ, ешкім елең ете қоймас еді. Сондықтан, осындай бір жаңашылдыққа баруды ойластырған едік, бәрі де ойлағанымыздай болып шықты. Барлық қатысушыларға белсенділіктері үшін алғыс айтамыз! – дейді қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Аманкелді Құрақбай.

***Абдолла НҰРТАУҰЛЫ***



# ШАБАЛ БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ

2025 жылғы 19 - тамызда **Шабал БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ** 88 жасында өмірден озды. Жезқазған – Ұлытау халқының арасында «Ұстаздардың ұстазы» атанған, еңбегі мен есімі аңызға айналған Ұлағатты Ұстаз, Абзал Ананың қазасы бәріміздің де жүрегімізді ауыртып кетті. Біз бұл хабарды аса ауыр қабылдадық.

Шабал Бейсенбекқызы өнегелі өмір иесі болды. Ол жүздеген, тіпті мыңдаған шәкірттердің екінші анасына айналып кеткен тұлға болатын. Ол әрбір оқушыға өзінің баласындай қарады. Олардың әрқайсының жетістігіне қандай қуана білсе, кемшілігін көре қалғанда кәдімгідей көңілі түсіп кететін еді. Оның бойынан Аналық мейірімі мен ұстаздық көңілі әрқшан сезіліп тұратын.

Бар ғұмырын білім мен тәрбиеге арнаған ұстаз, талай шәкірттің жүрегіне жарық сәуле шашып, өмірге дұрыс бағдар берді. Ол тек ұстаз ғана емес, аяулы жар, ақ жаулықты ана және ардақты әже ретінде де баршаға үлгі болды.

Ш. Бейсенбекқызы 1937 - жылы 8 - наурызда Ұлытау облысы, Ұлытау



ауданы, Терісаққан ауылында дүниеге келді.

1959 жылы Қазақ Мемлекеттік педагогикалық институтының тарих, филология факультетін тәмәмдады.

Еңбек жолын №7-қазақ орта мектебінде мұғалім болып бастады. 1967-1975 - жылдары №10-қазақ орта мектебінің, 1975-1997 - жылдары №27-қазақ орта мектебінің директоры қызметін атқарды. 1997-2014 жылдары №27-орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болып жұмыс жасады.

1972 - жылы «КССР оқу ісінің үздігі», 1984 - жылы «Оқу ісінің үздігі», 1992-жылы облыстық «Жыл директоры» байқауының жеңімпазы, 1992 жылы Оқытушы - әдіскер, 1996 - жылы Еңбек ардагері, 2006 - жылы ҚР Еңбек сіңірген қайраткері атанды.

2007 - жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2009 - жылы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, 2001 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2013-жылы «Құрмет» орденімен марапатталды.

1995 жылы Ш.Бейсенбекқызына Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

Өмірден өткенмен, көңілден көшпейтін адамдар болады. Шабал Бейсенбекқызы - нақ сондай тұлға. Оның ісі де, өмірі де бүгінгі, ертеңгі ұрпақтар арқылы мәңгілікке жалғаса беретін болады. Бұған біздің еш күмәніміз жоқ.

Шабал Бейсенбекқызының ерен еңбегі мен өнегесі әрқашан есте қалады. Жаратушы рухына иман берсін, артында қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр, денсаулық пен бақыт нәсіп етсін!

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Туған – туысқандарына, балалары мен немере – шөберелеріне қайғыға ортақтасып, көңіл айтамыз!

***М.Бөрібаев, Қ.Балмағамбетов, А.Сыздыманов, Д.Мұхан, Е.Орманов, А.Бегежанова, Б.Ақышбеков, А.Құрақбай, З.Әбілбекова, Ж. Мұңсызбаев, Б.Әбдікәрімова, С.Қожамсейітов, Ө. Ахметов, М.Қожахметов, Қ.Смайлов, Т. Мақышев, Ж.Омаров, А.Тұрлұбек, М.Тілеуов, А. Дастанов, Т.Хмилярчук, Г.Есмұрзаева, М.Мәдиева, А.Төлендина, Ш. Жанасылова, Н.Геймбух, М.Жаппасбаева, Ж.Құлманов, Ә.Алпысова.***

## БІЛІМНІҢ ШАМШЫРАҒЫ

***Ұлытау облысына белгілі педагог, «Құрмет» орденінің иегері, өмір бойы ұстаздық еткен ардақты жан Бейсенбекова Шабал Бейсенбекқызының өмірден өтуіне байланысты орны толмас қазаға ортақтасып, көңіл айтамын.***

Шабал Бейсенбекқызы бар ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған тұлға. Білім саласының шамшырағына айналған жанның есімі ұмытылмақ емес. Апайымыз тек оқу-ағарту ісінде өшпес қолтаңбасын қалдырып қана қойған жоқ, аяулы жар, ақ жаулықты ана, асыл әже ретінде де артында өнегелі із қалдырды.

Бар күш-жігерін ұстаздық жолға арнаған асыл жан кәсібіне деген адалдығының арқасында талай шәкіртінің жүрегіне білім сәулесін төгіп, өмірлік бағытбағдарын айқындады.

Өз өмірін білім саласына арнаған Шабал Бейсенбекқызының еңбегі бүгінгі күні еліміздің дамуына үлес қосып жүрген көптеген азаматтың тағдырында алтын әріппен жазулы.

Алпыс жылға жуық уақыт бойы өлшеусіз еңбек еткен аяулы жанның бейнесі барша шәкірті мен Ұлытау жұртшылығының жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

***Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ, Ұлытау облысының бұрынғы әкімі, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры.***

## ӨШПЕС ӨНЕГЕ ИЕСІ

***Аяулы анамыз, ұстаздардың ұстазы Шабал Бейсенбекқызы дүниеден озыпты...***

Сапалы білім мен парасаттың шырақшысы, бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, мыңдаған шәкірттің жүрегіне жол тапқан Ұлы ұстаздың жүрегі соғуын тоқтатыпты.

Тоғыз перзент тәрбиелеп өсірген, елге абыройымен танылған, «Құрметті азамат» атағын иеленген ардақты жанның өмірі – өшпес өнеге, ұрпаққа үлгі, соңынан ергендерге - темірқазық.

Алла алдынан жарылқап, жаны жәннатта болсын!

***Ерболат САТЫБАЛДИН, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.***

## АЛДЫНАН ЖАРЫЛҚАСЫН!

***Елі ардақтаған ұлағатты ұстаз Шабал Бейсенбекқызы дүниеден озыпты...***

Шабал Бейсенбекқызы асыл жар, аяулы ана, ардақты әже болды.

Мұзараф атамыз екеуі тоғыз перзентін тәрбиелеп өсіріп елге абыройлы болып, өнегелі отбасы атанды. Елге қызмет етіп, облысымыздың білім саласына қажырлы еңбегін сіңірді.

Артында қалған бала-шағаларына қайғырып көңіл айтамын.

Шабал апайдың Алла алдынан жарылқап, жаны жәннатта болсын!

***Раушан ҚАПАРОВА, Жезқазған қалалық мәслихатының төрағасы.***

## ШАПАҒАТШЫЛ ЖАН

***Шабал апайдың өмірден өткені ол кісіні білетіндердің ешқайсысын да бей – жай қалдырған жоқ. Бәрінің де жүректері жылап қалғаны күмәнсіз. Солардың бірі – өзіммін.***

Бала кезіміз. Еркелігіміз де, тентектігіміз де басым кез ғой. Бірде Шабал апайдың ауласында өсіп тұрған алманы жұлуға ұрланып кірдік. Апай бізді іштен байқап қалса керек. Бірақ...

Әлдекімдер секілді, «Өй, оңбаған, адам болмайтындар, не істеп жатырсыңдар? Ертең мектептеріңе барамын, милицияға беремін» дейтін айқайға басқан жоқ. Терезеден бізге қарап, «Қарақтарым, алсаңдар алыңдар, бірақ, ағаштың бұтақтарын сындырып алмаңдар» деді. Біз тұра зыттық, әрине. Бірақ, апайдың сол сөзі бізге ерекше әсер етті, үлкен сабақ болды. Кейін көпке шейін апайды көре қалсақ, тура қарауға жүзіміз шыдамай жүрді. Мұны мен есейе келе «тектіліктің белгісі» деп бағаладым. Баланы тәрбиелеудің тамаша үлгісі емес пе?

Жаны шапағатқа толы жан болғандықтан, сол жолы ол кісі біздің еркелігімізді ескеріп, тентектігімізді аналық мейіріммен кешіре білді ғой. Мұндайды қалай ұмытарсың?!

Шабал апайдың алды – пейіш, арты – кеніш болсын!

***Тұрсынбек МАҚЫШЕВ, кенші, Қазақстанның Еңбек ері.***

## ҰСТАЗДАРҒА ҰСТАЗ БОЛА БІЛДІ

***Ұлытау облысы жұртшылығы, білім және руханият саласының өкілдері орны толмас ауыр қазаға душар болды.***

Ұлағатты ұстаз, ірі тұлға, өмірін білім мен тәрбиеге арнаған абзал ана Шабал Бейсембекқызы өмірден өтті деген қаралы хабарды ауыр күйзеліспен қабылдадық.

Шабал Бейсембекқызы – саналы ғұмырын өскелең ұрпаққа сапалы білім, өнегелі тәрбие беруге арнаған, парасатты болмысымен, қайраткерлігімен көптің құрметіне бөленген жан еді. Оның есімі шәкірттері мен ел жадында әрдайым сақталады. Менің еңбек жолымда да Шабал апаның үлесі зор. Жүзі мейірімге, жаны адамгершілікке толы еді. Жезқазған, Сәтбаев, Ұлытау өңірінен шыққан жүздеген ұстазға ұстаз бола білген нағыз абзал жан еді. Ізгілікке, парасаттылыққа, тәрбиелікке толы ғұмыр кешіп, елге өнеге көрсетті.

Ол кісінің берекелі, мейірімге толы шаңырағында болып, қолынан сан мәрте дәм татқан жанмын. Жылы жүзі, кең пейілі, жанашыр сөзі, тәжірибесі мәңгі жүрегімде қалады.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамын. Жаны жәннатта, иманы жолдас болсын. Бақұл болыңыз, Шабал апа!

***Зина АҚЫЛБЕКОВА, Ұлытау облысы әкімінің орынбасары.***

## ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Ұстазым, әрі тәлімгерім Шабал Бейсембекқызы өмірден өтті деген қаралы хабарды естігенде ауыр күйзеліспен қабылдадым.

Бүкіл республикаға танымал «Ұстаздардың ұстазы» атанған Шабал апайымыздан дәріс алып, киелі N27 мектептен ұшып шыққан түлектердің бәрінің де бұл хабар қабырғасын қайыстырды. Мектепке «тарыдай болып кіріп,таудай болып шыққан» талай шәкірт ұстазымыздан білім алды.

Аяулы ұстазымыздың бейнесі барша шәкірттердің жүрегінде мәңгі сақталады. Әрбір сөзі,жылы жүзі, мол тәжірибесі бізбен әрқашан бірге бола бермек. Ол кісіні ұмыту мүмкін емес.

Қош болыңыз, аяулы Ұстазым!

***Қайрат СМАЙЫЛОВ, Сәтбаев қалалық Қоғамдық Кеңесінің төрағасы.***

## ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕДІ..

***Жүйіткіген жүйріктей, аққан жұлдыздай зулап өтіп жатқан уақыт-ай! Өлімі өзінікі болғанмен, өмірі өзгенікі болған аяулы жан Шабал Бейсенбекқызы да өмірден озды.***

Алланың нұры – көктемгі ақ жауындай көпке пайдасы тиген Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, еңбегі ерен, қала мен мектептің гүлденуіне өз қолтаңбасын қалдырған, аяулы жан Шабал Бейсенбекқызының өмірден озуына байланысты оның отбасы мен жақындарына, туған-туыстарына Сәтбаев қаласының білім бөлімі мен барлық білім беру ұйымдары атынан қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз!

Бұл пәниде темір өзекті пенде жоқ. Төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен алысты бірдей тең көрген, елінің жігері, қоғамның тірегі бола білген Шабал Бейсенбекқызын өлімге қию да, енді арамызда жоқ дегенге сену де қиынның қиыны.

Адамға ерекше қасиет, телегейтеңіз, дарын бергенде Алла Тағала оның кескін-келбетін, болмыс-бітімін, түр-тұлғасын, жүріс-тұрысын, кесімді сөзін, кесек ой толғамдарын соған сай етіп береді деген бар. Осы теңеулердің барлығы бір бойынан табылатын ерекше жан, баянды беделі бар, өнегесі өзгеше, шапағаты мол жан Шабал Бейсенбекқызы, бақұл болыңыз!

***Берік АҚЫШБЕКОВ,***
***Сәтбаев қалалық білім бөлімінің басшысы.***

## ШӘКЕМ «АПАЙ» ДЕЙТІН...

***Мен Шабал тәтені алғаш рет Шәкемнің, Шынболат Ділдебаевтың 60-қа толған тойында көрдім. Құттықтау сөз сөйледі.***

«Жаңа осында келе жатқанымда Шынболатты да білмейтін адамдар бар екенін біліп, қатты қапаланып қалдым» деп, бір күрсініп алғаны есімде. Өнерге, мәдениетке теріс қарайтындар аз ба?

Шәкем ол кісіні өмірі «Апай» дейтін. Сөйтсем, мектепте сабақ берген екен. Жас мұғалім болып келген кезі болу керек. Бірақ, екеуінің жас мөлшерлері қатарлас көрінеді.

«Әрі азамат, әрі ұстаз табанды,
Бұл өлкеде кім білмейді Шабалды?.
«Шабал – жанған шамшырағы қаланың»,
Осылай деп елің берген бағанды.
Өзің едің берекесі құттың да,
Өзің едің елге сыйлы мықтым да
Апай шығар деп жүруші ем, қайтейін
Ақырында құрдас болып шықтың ба?» деп келетін Шәкемнің арнау өлеңі бар еді. Кеше тәтеміз өмірден озғанда осы өлеңді қайталап бір оқып шықтым.

«Ақ әже боп кеше жүрген көркем қыз,
Бүгін аппақ кемедегі желкенбіз.
Күн төбеден ауғаннан соң кеш болар,
Бұл күнді де сағынармыз ертең біз» - дейтін де жолдар бар екен. Кешегі қасымызда жүрген жақсылар біртіндеп мәңгілік сағынышқа айналып жатыр.

Шабал тәтемізді Алла алдынан жарылқасын!

***Гүлсара ЖИЕНӘЛИЕВА,***
***Ш. Ділдебаевтың зайыбы.***

## ҰЛАҒАТЫ МЫҢҒА АЗЫҚ ҰСТАЗ

***«Қарыздармын... Ұстазға берешекпін, Шын ұстазда кілті тұр келешектің»,- деп Сабыр Адай жырлағандай, Ұстазға бәріміз қарыздармыз. Қандай қызмет атқарсаң да, ұстаздың алдында мәңгі шәкірт болып қаласың.***

Бүгінде Шабал апай жайлы жазғанда өткен шақпен жазып, өткен шақты еске алуға да тура келіп тұр. Жезқазған педагогтік училищесінде оқып жүрген кезім. 1991 жылы көктемде ІІІ курста мемлекеттік тағылымдамадан өту үшін Сәтбаев қаласындағы жалғыз қазақ мектебіне келдім. Мектеп директоры Шабал Бейсенбекқызы екен. Жылы шыраймен қарсы алды. «Бастауышта ер азаматтардың оқығаны қуантады. Кешегі Ыбырай Алтынсариндер мұғалімдік қызметін бастауыштан бастаған. Талабың оң болсын!» деп ақ жол тілеп, басшының алдына имене кірген маған үлкен сенім артып, қанаттандырып жіберді. Тағылымдамадан табысты өттім. 1994 жылдың күзінде сол мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып келдім. Ұлағаты мыңға азық ұстаз, білікті басшы ретінде Шабал апайдың сан мәрте қамқорлығын көрдім.

Шабал Бейсенбекқызы ақыл-парасаты жоғары, білімді һәм білікті басшы болды. Дауыс көтеріп сөйлегенін көрген емеспін. Биязы үнді, байсалды, үнемі жайдары жүретін, әңгіме айтқанда тыңдарманын ұйытып тастайтын. Сабағын түрлендіріп, жандандырып жіберетін. Оқушылары ол кісінің сабағына үлкен жауапкершілікпен ерекше дайындалып келетін. Өнерді ерекше құрметтейтін. Дауысы қандай! Апайдың орындауында Ақан серінің «Мақпалы» тіпті ерекше естілетін.

Бүгінде әріптестер арасында қанатты сөзге айналып үлгерген «Тыңдау – тәртіп пен тәрбиенің басы» деген сөзі әсіресе білім беру саласында өте өзекті. Білімнің басы ынтамен тыңдаудан басталатыны анық. Қай жағынан да үлгі еді. Осындай арқа тұтар апайымыз да бақиға аттанып кете барды. Қиналамыз, қимаймыз. Амал не?! Алдынан жарылқасын! Рухы пейішке шалқысын!

***Амангелді БҰҚАР,***
***ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері***

## ТӘЛІМ, ТӘРБИЕСІН КӨРДІК

«Төртінші» ауылында тұрдық. Мектепке Весовая кентіндегі №10 – мектепке баратын едік.

Директорымыз Шабал апай болатын. Басшы болумен қатар бізге сабақ та берді. Сондай тартымды өткізеді, ұйытып тастайды. Жүрген жүрісі, сөйлеген сөзі қандай?! Бәрімізді баурап алатын. Сол кісіге ұқсағымыз келетін. Біз тәлім, тәрбиесін көрген Шабал Бейсенбекқызын аяулы да ардақты ұстазымыз ретінде әрқашан құрмет тұттық.

Қош болыңыз, аяулы ұстаз! Жаныңыз пейіште шалқысын, иманыңыз жолдас болсын!

***Сағынкүл ЖАНТУРИНА,***
***Қазақстанның Құрметті журналисі.***

## ЖАНЫМЫЗҒА АУЫР ТИДІ

***Шабал апайдың қазасы өзі көптеген жылдар басшылық жасаған, еңбек еткен біздің ұжым үшін өте ауыр болды.***

Ұлытаудай ұлы даланың топырағынан нәр алған, айналасының ұлылығы мен ұлағатын бойына сіңірген, өмірден түйгені мол, көңілі ашық, көкірегі сәулелі, бітімі бөлек, дара тұлға, тоғыз баланы дүниеге әкеліп, өсірген аяулы ана – Шабал Бейсенбекқызының мәңгілік сапарға аттануы бәріміздің жанымызға ауыр тиді. Бұл орны толмас қаза әріптестерінің ғана емес, шәкірттерінің де қабырғасын қайыстырды.

Өз ісіне деген адалдығымен, шындықты бетке айтатын тік мінезділігімен, ана тіліне деген қамқорлығы, махаббатымен, сонымен бірге, ерекше шығармашылық қабілетімен талай биікке жеткен ұстаздан біздің үйренеріміз өте көп болды.

Шабал Бейсенбекқызының айтар ақылы, ісі, салып кеткен сара жолы, болашақ жастар үшін жол көрсетер шырағданы, үлгі тұтар бойтұмары, ұлтының ұлылығын ұлықтаушы ұстаз еді. Шабал Бейсенбекқызы арамызда жоқ болса да, есімі жүрегімізде жаңғырып, мейірімге толы асыл қасиеті мәңгі есімізде сақталады.

Жаныңыз жәннатта болсын, Шабал Бейсенбекқызы!

***№27 –мектептің ұжымы***

